# 44. ҚАМАЖАЙ

**Орындаған Рахия Қойшыбаева**




Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айрылып Қамажайдан отырғанда,
Келеді қай жерімнен ойын - күлкі.

*Қайырмасы:*
А-хау, хи-ли-ли-ләйім,
Қамажайым қаракөз.
Қалдым кейін, сәулетайым.
Сәулетайым.

Қолында Қамажайдың алтын жүзік,
Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп.
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы еді.
Япырмай кетті ме екен күдер үзіп.
*Қайырмасы:*

Ертістің жағалауын жағалаймын,
Мұз болса көкбестіні тағалаймын.
Үш топтан таңдап алған Қамажайым,
Өзіңді тоқсан қызға бағалаймын.
*Қайырмасы:*

Мал жақсы жылқы деген бағып жүрсе,
Мойнына үкі-тұмар тағып жүрсе.
Ішінен бір жорғаны таңдап мініп,
Аулына Қамажайдың барып жүрсе.
*Қайырмасы.*